

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-оңтүстік корей комиссиясының бірінші мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 тамыз N 1266

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. 2000 жылғы 23 тамызда Алматы қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-оңтүстік корей үкіметаралық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) бірінші мәжілісін өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) Комиссияның мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық және протоколдық іс-шараларды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп, Алматы қаласында Комиссияның корейлік бөлігі мүшелерін орналастыру және көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Комиссия

мүшелерінің әуежайда, тұратын және болатын жерлерінде қауіпсіздігін, сондай-ақ жүру бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

